

САРАПТАМА

Елімізде ғылым тар шеңберде қалып қойған сала емес, қоғаммен біте қайнасқан бағытқа айналды. Ол — елдің ертеңін айқындайтын, экономиканың тамырын тереңге жайып, қоғамның сапасын арттыратын тірі ағза іспетті. Ғылымның тынысы — өндірісте, оның үні — инновацияда, ал қуаты адами капиталдың әлеуетінде сезіледі. Сондықтан да бүгінгі мемлекеттік саясат ғылымды тек білімнің бір тармағы емес, ұлттық дамудың өзегіне айналдырды. Бұл ұстаным «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 — 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқын көрініс тапты. Яғни, ғылым стратегиялық құжаттарда жазылған құрғақ ұғым емес, ел болашағын қалыптастыратын нақты құрал ретінде танылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Озық технологиялар дәуірінде ғылымсыз алға жылжу мүмкін емес». Иә, бұл жай ғана тұжырым емес, уақыттың талабы. Себебі жаңа ғасырдың бәсекесі — шикізатта емес, білім мен технологияда. Демек ғылым — экономиканы жаңғыртудың ғана емес, елдің интеллектуалдық тәуелсіздігін қамтамасыз етудің де басты тетігі.

БОЛАШАҚТЫҢ КҮЛТІ – ҒЫЛЫМДА

Осы бағытта Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті — ғылымды дамыту жолында тың серпін алған білім ордаларының бірі. Университет үшін ғылым — қосымша бағыт емес, негізгі миссияның өзегі. Мұнда ғылыми ізденіс пен тәжірибелік нәтижені ұштастыруға негізделген жаңа көзқарас қалыптасып келеді.

Бүгінде университет қабырғасында идея тек ой күйінде қалмайды. Ол зерттеуге ұласып, жобаларға айналып, нақты нәтижемен түйінделеді. Ғылыми бастамалар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің конкурстарынан бастап, олардың өндірісте қолданылуына дейін толық сүйемденеді. Бұл жүйеде Ғылым департаменті зерттеушілердің сенімді тірегіне айналып, ғылым мен өндіріс арасындағы алтын көпір қызметін атқарып отыр. Осындай кешенді көзқарас оқу ордасының ғылыми әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, оны өңірдің дамуына нақты үлес қосатын күшке айналдыруда. Әсіресе Атырау облысының өндірістік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген қолданбалы зерттеулер — ғылымның өмірмен үндесуінің айқын дәлелі. 85 жылдық тарихын қорытындылаған университет үшін бұл кезең — өткенге есеп беру емес, болашаққа батыл қадам жасау сәті. 2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған жаңа заң аясында оқу орны дәстүрлі академиялық мектеп пен заманауи технологияларды үйлестірген ірі ғылыми-зерттеу орталығына айналуы мақсат етіп отыр. Себебі бүгінгі ғылым — тек жаңалық ашу емес, елдің тағдырын айқындайтын күш. Ал сол күштің қайнар көзі — білім мен ізденісте.

ҒЫЛЫМ ҚАРЖЫСЫН ӨРТАРАПАНДЫРУ

Экономиканың трансформациясы, жеделдетілген технологиялық даму және жаһандық бәсекелестіктің өсу жағдайында ғылыми жүйенің тұрақтылығы әртүрлі қаржыландыру көздерін тарту және тиімді пайдалану қабілетіне тікелей байланысты. Дәстүрлі түрде елімізде ғылымды қолдаудың негізгі көзі гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында мемлекеттік қаржыландыру болып қала береді.

Бизнестің технологиялық міндетін ғылыми жобаға трансформациялау - бұл біздің ҒЗИ мен жобалау кәсіпкері қадағалайтын күрделі үдеріс. Ол кәсіпорынның сұранысы негізінде ғылыми гипотезаны тұжырымдаудан бастап, технологиялық дайындық деңгейін (TRL) анықтауға және бірлесіп қаржыландыру моделін таңдауға дейін нақты алгоритмді қамтиды.

Ғылыми-зерттеу институттары университеттің ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыратын стратегиялық маңызды бар құрылымдар. Олар іргелі және қолданбалы білімді дамытатын, жаңа технологияларды жасақтайтын және қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени прогресін қамтамасыз ететін негізгі ғылыми орталықтар ретінде әрекет етеді.

Университет базасында университет ғылымының осу нүктелері болатын үш ғылыми-зерттеу институты (ҒЗИ) жетістікті қалыптасқан:

- Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихи, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ;
- Физика, математика және цифрлық технологиялар ҒЗИ;
- Экология, био және нанотехнология ҒЗИ.

Жұмыс нәтижелері келесідей: 2025 жылы университет ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде 14 ғылыми жобаны жүзеге асырды. Олардың

ішінде әртүрлі сипаттағы қоспалармен толытырылған материалдарды жасақтау; өсімдік және жануарлар шикізатынан бағалы компоненттерді биотехникалық әдістермен алу технологиясын жасақтау.

Аталған стратегиялық міндеттерді шешу үшін ғылыми-техникалық бағдарлама 5 бағыттан тұрады:

Бағыт 1. Күкіртті композициялық материалдарды ала отырып, құрамында күкіртсутегі бар газдарды, мұнай шламдарын кәдеге жаратудың инновациялық технологиясын жасақтау;

Бағыт 2. ТДМ (2,6,11,12,13,15) міндеттеріне қол жеткізу үшін тұтынылатын ресурстар көлемін қысқарту, материалдарды, биоматериалдарды, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететін технологияларды қайта қолдану бойынша технологияларды жасақтау;

Бағыт 3. Өнімділікті, тиімділікті және қауіпсіздікті жақсартуға бағытталған робототехника мен мехатроникада инновациялық шешімдерді құру және технологияларды жасақтау;

Бағыт 4. Полипропилен негізінде инновациялық композициялық, оның ішінде әртүрлі сипаттағы қоспалармен толытырылған материалдарды

ғылымдарының докторы, профессор С.З.Сағндықованың жетекшілігімен және «Физика бойынша динамикалық бейнелер мен толықтырылған нақты интерактивті үлгілер негізінде оқу құралын жасақтау» жобасы педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Б.У.Қуанбаеваның жетекшілігімен жүзеге асыру. Сонымен қатар қазіргі заманғы сын-қатерлер — цифрландыру, энергетикалық ауысу, экологиялық тұрақтылық, жасаңды интеллект пен жаңа материалдарды дамыту - ғылымның қаржылық базасын кеңейтуді және экономиканың нақты секторын ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тартуды талап етеді. Осыған байланысты ғылыми қызметті қаржыландыру көздерін өртарапандыру ғылымды қолдаудың қосымша құралы ғана емес, ғылыми-технологиялық саясатты дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Ғылым департаментінің негізгі құралы нақты сектордың сұраныстарын жүйелі түрде жинау және тағдау болды. Біз «бастамашыл» тақырыптардан өңірімізге қатысты нақты технологиялық міндеттерді шешуге көшеміз:

1. Экология және энергия тиімділігі: мұнай-газ секторы үшін шешімдер жасақтау.

2. Цифрландыру және ЖИ: өндіріс пен басқаруға ақылды жүйелерді енгізу.

3. Адами капитал: еңбек қауіпсіздігі және әлеуметтік тұрақтылық саласындағы зерттеулер.

Бүгінгі таңда университет қаржыландыру көздерін өртарапандыру курсы алады. Министрліктерден дәстүрлі гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудан басқа, ЖОО белсенді түрде игеруде:

- өңір кәсіпорындарымен ҒЗТҚЖ тікелей шарттары;

- бизнес тарапынан жанама қаржыландырумен бірлескен жобалар;

- халықаралық ғылыми бағдарламалар;

- әкімдіктермен өзара іс-қимыл арқылы өңірлік даму бағдарламаларының қаражаты.

Атырау облысы әкімінің төрағалығымен өткен өңірлік ғылыми-техникалық кеңестің шешімімен ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы М.Ж.Дүйсеғалиевтің басшылығымен төменде көрсетілген жобалар Атырау облысының бюджеті есебінен қаржыландыруға ұсынылды:

- «Қоршау-электр өтпелі жайылым ақаптарын құру жолымен жердің тозуын тоқтату, өсімдіктер қауымдастығының әртүрлілігін сарқу, өнімділікті арттыру» басым бағыты бойынша Атырау облысының Жылжой ауданында жайылым айналымы жүйесін енгізу;

- «Ауыл шаруашылығының тұрақтылығы және тиімді аграрлық сала» басым бағыты бойынша Атырау облысының шөпді аймағы жағдайында экологиялық таза қой мен қозы өндіру технологиясы.

ТАЛАНТАРҒА – ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2025 жылы университеттің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті 36%-ды құрады. Профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны - 413 адам, оның ішінде 1 қоғам қайраткері, 16 ғылым докторы, 91 ғылым кандидаты және 38 философия докторы (PhD). Магистр академиялық дәрежесі бар оқытушылар саны 212 адамды құрайды. Лауазымдық құрылымы бойынша профессор-оқытушылар құрамына 39 профессор, 109 қауымдастырылған профессор (доцент), 168 сенйор-лектор, 41 аға оқытушы және 55 оқытушы/ассистент ұсынылған. Ғылыми кадрларды даярлаудың оң серпіні байқалады. Мәселен, 2024 жылы докторантураға 8 жас ғалым түсті, 2025 жылы - 12. 2025 жылы университеттің 8 оқытушысы философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін ады. Университет зерттеушілерге ерекше жағдай жасайды. «Зерттеуші» және «Оқытушы-зерттеуші» — арнайы лауазымдарды енгізу біздің ғалымдарымызға оқу жүктемесін төмендетуге және өздерін ғылымға толығымен арнауға мүмкіндік берді. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша 2023-2024 оқу жылында екі еңбек шарты жасалды: Б.Абыкановамен «Зерттеуші» лауазымы бойынша және Ш.Ележановмен «Оқытушы-зерттеуші» лауазымы бойынша. 2024-2025 оқу жылында төрт шарт жасалды: «Зерттеуші» лауазымы бойынша - Б.Абыканова және Б.Қуанбаевамен, «Оқытушы-зерттеуші» лауазымы бойынша - Г.Шугаева және Г.Мугауинамен. 2025-2026 оқу жылында бізде 6 ғалым «Зерттеуші» және «Оқытушы-зерттеуші» санаттары бойынша жұмыс істейді, В.Махатова және А.Құрманғазиевамен екі шарт жасалды.

Университет ғалымдарының ғылыми зерттеулері мен жобаларын жүзеге асыру нәтижесінде сұранысқа ие ғылыми-зерттеу жасақтамалары өзірленді, сондай-ақ соңғы жылдары оқулықтар мен монографиялар шығару, халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конференциялар өткізу, авторлық куәліктер мен патенттер алу бойынша белсенділіктің өсуі байқалады. Шетелдік ғылыми басымдардағы жарияланымдар саны 2025 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 2 есе

өсті, бұл ретте ағылшын тілінде жарияланған мақалалардың үлесі 51% - га жетті. 2025 жылы университет оқытушылары жариялаған әрбір үшінші мақала Q2 деңгейінен төмен емес ғылыми журналдарда жарияланды. Университетте кадрлар даярлау «Тарихшы-зерттеуші» бағдарламасы бойынша PhD-докторантура деңгейіне шықты. Осы білім бағдарламасы бойынша төрт докторант білім алады.

Атырау университетінде ғылым кандидаты немесе PhD докторы дәрежесін алғаннан кейін ғылыми зерттеуге кезекі болып табылатын постдокторантура бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама жас ғалымдарға өз зерттеулерінің бағытын тереңдетуге, жаңа дағдыларды игеруге және тәуелсіз зерттеушілер ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді, сонымен қатар импакт-факторы бар журналдарда мақалалар жариялауға ынталандырады. Н.А.Құрманов және Ж.М.Сабитов сияқты постдокторантуралық жетістіктері Scopus және Web of Science базаларының топ-квартильдерінде (Q1 – Q2) жарияланған мақалалары Атырауда ғылымның халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті екенін растайды.

Бірақ ғылыми жол әлдеқайда ертерек - студенттік орындақтан басталады. Соңғы 10 жылда алғаш рет университет педагогика, филология және математикалық модельдеу бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсының II кезеңін өткізу үшін «базалық ЖОО» мәртебесіне ие болды. 2026 жылы Досмұхамедов университетінің қабырғасында 5 бағыт бойынша 2-ші кезек өткізіледі: «6B01101-Педагогика және психология»; «6B3101 – Психология»; «6B01702 – Орыс тілі және әдебиеті»; «6B00302-Филология: қазақ филологиясы»; «6B042-Құқықтану». Бұл республикалық және халықаралық олимпиадалардан үнемі марапаттар әкелетін студенттеріміздің жоғары деңгейдегі дайындығын мойындау.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы» журналы «тарих және археология», «педагогика және психология», «экономика», «құқық» бағыттары бойынша ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілген. Ғылыми журналда атаған бағыттар бойынша отандық және шетелдік ғалымдар мен ізденушілердің мақалалары жарияланады. Журналдың бас редакторы - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы.

БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті: білім - әлемді өзгертуге қабілетті күш қағидасына сенімді. Зертханаларды жаңғырту, цифрлық технологияларды дамыту және жас ғалымдарды қолдау — бұл тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне қосқан үлесіміз.

Бүгінде Қазақстанда ғылымның дамуы практикалық жазықтыққа көшуде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет атап өткендей, ғылыми зерттеулер өмірден ашақ болмауы тиіс - олар өңір мен елдің нақты міндеттерін шешуі тиіс. Біздің университет үшін бұл өр жоба үшін сапалы жоспарлау мен жауапкершілікке көшуі білдіреді.

Иә, зерттеушінің жолы-үлкен шыдамдылықты талап ететін марафон. Біздің университет қабырғасындағы ғылым сіздің ынта-жігеріңіздің арқасында өмір сүреді. Техникалық арқындақтарды міндеттерге, ал сұрақтарды жаңалықтар ашуға айналдырғаныңыз үшін рахмет. Сіз жас таланттардың пайда болуының бастауында тұрасыз, оларға іздеу мәдениеті мен ғылыми адалдықты сіңіресіз. Сіздің қызметке адалдығыңыз-бұл біздің университеттің беделі қалыптасатын негізі. Сондықтан құрметті магистранттар, студенттер! Бүгінгі ғылым-бұл сіздің өзіңіз туралы мәлімдемесіңіз жасауға, қаланың немесе бүкіл елдің өмірін өзгертетін жоба жасауға мүмкіндігіңіз. Біз университеттің сіз үшін адал мүмкіндіктер орны болғанын қалаймыз. Нағыз ғалым принциптіктен басталады: өздігінен жазылған мақаладан, таза сынақтардан, өз қателіктерін ашық мойындаудан. Күмәнданудан, сұрақтар қояудан және шындықты іздеуден қорықпаңыз. Сіздің біліміңіз және әдептілігіңізбен нығайтылған идеяларыңыз-бұл біздің университетті алға жылжытатын қозғалқыш. Студенттік жылдарыңыз үлкен жаңалықтар ашу кезеңдеріне айналыңыз! Алға ұмтылаңыздар, байқап көріңіздер және ғылым сіздерге еліктіріп әкете қызықты оқиғаларға айналыңыз!

Қансұлу ӨТЕПҚАЛИЕВА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылым және инновация жөніндегі проректоры, экономика ғылымдарының кандидаты



Көлікші: Нұрбол АУАЛЕТІРІВ

ішінде - гранттық қаржыландыру бойынша 6 жоба, бағдарламалық - нысаналы қаржыландыру шеңберінде жас таланттарды қолдауға бағытталған «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша 5 келешекті жоба және экология, энергия тиімділігі және биоресурстар сияқты өңір үшін аса маңызды салалардағы 3 жоба бар.

2025-2027 жылдары біздің университет «Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің неғұрлым экологиялық болашаққа көшуі үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық ілгерілету» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыруда. Бағдарлама табиғатты ұтымды пайдаланудың өзекті мәселелерін зерттеуге әрі шешуге бағытталған және Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес келеді.

Каспий өңірінде «Тұрақты инновациялардың Каспий орталығы» бағдарламасы аясында ғылыми-инновациялық орталық құру жоспарлануда. Аталған бастама жоғары технологиялық, экологиялық әрі тұрақты шешімдерді дамытуға бағытталған. Орталық ғылыми жобаларды өндіріс аясындағы деңгейге (TRL 5–7) жеткізіп, оларды коммерциализациялауға мүмкіндік береді. Бұл өңірдің экологиялық тұрғыдан орнықты дамуына және жасыл технологияларды енгізуге серпін бермек.

Бағдарламаның міндеттері: күкіртті композициялық материалдарды ала отырып, құрамында күкіртсутегі бар газдарды, мұнай шламдарын кәдеге жаратудың инновациялық технологиясын жасақтау; ТДМ (2,6,11,12,13,15) міндеттеріне қол жеткізу үшін қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететін биоматериалдарды қайта қолдану, тұтынылатын ресурстар көлемін қысқарту бойынша технологияларды жасақтау; өнімділікті, тиімділікті және қауіпсіздікті жақсартуға бағытталған робототехника мен мехатроникада технологияларды жасақтау және инновациялық шешімдер құру; полипропилен негізінде инновациялық композициялық материалдарды, оның

жасақтау;

Бағыт 5. Биотехникалық әдістермен өсімдік және жануарлар шикізатынан құнды компоненттерді алу технологиясын жасақтау.

Бағдарламаны жанама орындаушылар болып «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті КЕАҚ (ҚазҰУ), Nazarbayev University (NU) табылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАРДАН БИЗНЕСПЕН СЕРІКТІККЕ ДЕЙІН

Ғылым саласын дамыту үшін мемлекет тарапынан түрлі жүйелі шаралар қабылданғанымен, тек бюджеттік қаржыландыруға негізделген үлгінің өзіндік шектеулері байқалады.

Біріншіден, мемлекеттік ресурстар әрқашан шектеулі және бюджеттік қидықерге ұшырайды. Екіншіден, гранттар үшін жоғары бәсекелестік ғылыми күш-жігердің бөлінуіне және зерттеулердің бір бөлігін қолданбалы нәтижеге емес, формальды көрсеткіштерге бағыттауға әкеледі. Үшіншіден, барлық келешекті идеялар мен жасақтамалар әрекет ететін конкурстық рәсімдер шеңберінде қолдау таба бермейді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ең тұрақты және нәтижелі ғылыми экожүйелер ғылым, бизнес және мемлекет әрекет ететін серіктестік логикасында әрекет етеді, ал ғылыми зерттеулер нақты технологиялық және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған. Сонымен қатар нақты сектормен тұрақты байланыстар болмаған жағдайда, ғылыми нәтижелер көбінесе жарияланымдар мен есептер деңгейінде, енгізу сатысына жетпей қалады. Бұл бизнестің ғылыми ұйымдарға деген сенімін төмендетеді және ғылыми жасақтамаларды коммерцияландыру мүмкіндіктерін шектейді. Атырау университеті бұл көзқарасты өзгертуде. Бүгінгі таңда университетте ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары жүзеге асырылуда: «СофМая» түйе сүтінен жаңа сусын өндіру және коммерцияландыру технологиясын ұйымдастыру» жобасы бойынша биология